

Қазіргі Шал акын ауданының Ақсу ауылында 1928 жылы дүниеге келген ол буыны бекіп, бұғанасы катаймаған балғын шағынан-ақ тағдырдың ауыр соққысын, жокшылық пен жетімдіктің ащы дәмін бір адамдай-ақ татып өсті. Ата-анасынан ерте айрылған, екі ағасы сүм соғыста қаза болған сегіз жасар баланың сүйенері де, мандайынан сипар жанашыры да жоқ еді. Алайда, жасынан өмірдің ыстық-суығында, ауыр еңбектің қайнаған ортасында шындалып өскен ол тағдыр тәлкегіне мойымай, бойына біткен мұқалмас жігердің, орліктің арқасында Петропавл қаласындағы мал дәрігерлік техникумын, содан кейін Омбы ауыл шаруашылығы институтын үздік бағамен тамамдап шықты. [buy cialis](#)

[ebay](#)

[cialis](#)

[buy generic levitra](#)

[fake generic cialis](#)

[buy cialis brisbane](#)

[cheap real cialis](#)

[price of cialis](#)

argaiv1797

Оның ғылым айдынына күлаш сермеуі де, осы кезеңнен басталады. Талантты да алғыр жас Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының эксперименталды биология институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұріп, осы оқу орнының физиология зертханасында аспирантураны тамамдайды. Қазақ ғылымының қасиетті шанырағында білім кәусарымен еркін сусындап, Қаныш Сәтбаев, Александр Полосухин, Нәйла Базанова сында атакты гүламардан дәріс алған Қазис Тәшенұлы тынбай еңбектенуінің нәтижесінде зор абырой-күрметке ие болып, аз уақытта осы институт зертханасының менгерушісі, институт директоры, Қазақ КСР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, академия Торалқасының мүшесі болып жана шындарға көтеріледі.

Алайда, Қазис Тәшенұлын канаттандырған атак-абырой да, жоғары мансап та емес, өзі тандаған ғылымға деген күштарлық, еліне қызмет етуге деген үмтылыс еді. Жас та болса, зердесі терен, ғылыми өмірдегі жанашылдыққа күмар Қазис Тәшенұлы сол кезде елімізде жана гана оркен жая бастаған, Қазақстан үшін маңызы зор физиология саласын түбегейлі зерттеуге кірісті. Ізденіс-зерттеулері жақсы нәтиже берген жас ғалымның бастамасымен 1988 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының физиология институты ашылғанда еліміздегі лимфа жүйесінің физиологиялық күбылыстарын зерттейтін жетекші ғылыми мекемені басқару Қазис Тәшенұлына сеніп тапсырылған еді. Ол бұл жауапты міндетті абыроймен атқарып, оның басшылығымен ғалымдар жануарлардың ас қорыту және лимфа жүйесін жан-жақты зерттеу нәтижесінде мал азығы құрамындағы микроэлементтердің әсерін анықтап, соның негізінде ет, сүт өндірудің жана ғылыми негіздерін ашты. Зерттеу нәтижелерін сол жылдардың өзінде алғашқы болып қолданған Іле Алатауының бойындағы шаруашылықтарда ет, сүт өндіру көлемі күрт артты. Ал

институт зертханасында ашылған ас қорыту жүйесі физиологиясын хирургиялық жолмен зерттеу әдістері арнаулы ғылыми нұсқаулықтар мен ауыл шаруашылығы оқу орындарына арналған оқулықтарға енгізілді.

Биік тау алыстан көрінеді ғой. Қазис Тәшевті басқарған зертхана ұжымының ғылыми табыстары шетел ғалымдарының да назарын аударып, бүгінде Словакияның, Польшаның, Ресейдің био-химия және физиология саласындағы ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз әріптестік байланыс орнаған.

Жүрегі кен, білімді адамды халқымыз жылы шуақты сәулесімен өзіне тартып тұратын шамшыраққа тенеген. Қазис Тәшевтің мінезі де осындай ізгілігімен дараланады.

– Кіммен болса да мейірім үшкындаған ойнақы қоздерін қулана қысынкырап, әңгімені риясыз әзілмен бастағанда ол адамды жүрек жылуымен баурап алады. Сонысымен айналасындағылардың көнілін жадыратып, серпілтіп тастайды, ол адамға сенімділік ұялатып, жігеріне қанат бітіреді. Бұл Қазис Тәшевтің тән ерекше қасиеті, – дейді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің адам және жануарлар физиологиясы институтының директоры Е.Мақашев. – Қазақстан физиологтар қоғамына жиырма жылдан аса торағалық етіп келе жатқан оның өзі басқаратын ұжымды топтастырып, ғалымдардың ізденістерін бір арнада тоғыстыра білетін ұйымдастырушылық қабілетінің сыры да оның көнілінің көңдігінде, ашық-жайдары болмысында шығар.

Қазис Тәшевті бүгінге дейін үш жүзден астам ғылыми еңбек, оның ішінде төрт монография, шетел басылымдарында жиырмадан аса ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялапты. Елу бес жыл бойы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінің адам және жануарлар физиологиясы кафедрасында профессорлық дәрежеде еңбек еткен оның алдынан тәлім алған 25 ғылым докторлары мен кандидаттары ұстаздарының жолын жалғастыруда. Ғалым үшін ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп, шәкірттерін қияға ұшырудан асқан бақыт бар ма?!

Ол – ғылыми ізденісті ел болашағымен ұштастыра білетін, заман ырғағына үн қосып отыратын сергек жанды ғалым. Оны ойландырмайтын, толғандырмайтын мәселелер жоқ. Осыдан бірер жыл бұрын халықаралық жобаның аясында Оңтүстік Қазақстанмен іргелес Қырғызстанның шекаралық аймағындағы Шу өзені маңында ұран көнінің экологиялық қатері алаңдатқан Қазис Тәшевті арнайы зерттеу жүргізіп, ұран өңдеудің

қоршаған ортаға зиянсыз технологиясын енгізуді ұсынған болатын. Бұл да елінің ертенін, ұрпағының болашағын ойлаған азаматтың ерен ісі еді.

Жемісті еңбегімен елінің абыройын асқартқан Қазис Тәшевұлының халқына қызметі жоғары бағаланды. Ол – “Ерен еңбегі үшін”, “Еңбек ардагері” және басқа медальдармен, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Құрмет грамоталарымен, халықаралық “Ақ Крест” орденімен марапатталып, есімі Қазақстанның Алтын кітабына енгізілген асқақ тұлғалы ғалым. Ол – солтүстікқазақстандықтар мақтаныш етерлік отандық ғылым қожиегіндегі жарық жұлдыз. Тек жерлестері асылын бағалап, есімін болашақ ұрпақ жадында қалдырарлық шараларды қолға алса, игілікті іс болар еді.

Өмірінің даналыққа толы кемел шағына жетіп отырған оның жүрегі елім деп соғады, әлі де қанаты талмас қырандай биік шыңдарға қоз тігеді.

Жанбатыр САҒТАЕВ,

Қазақстан Республикасы әскери ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі,  
медицина ғылымдарының докторы, профессор.